

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2023 жылғы 23 тамыздағы № 146
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2023 жылғы 24
тамызда № 33325 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

«Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскер» кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 64-бабының 7-тармағына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Денсаулық сақтау саласындағы
әлеуметтік жұмыскер» кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және
адами ресурстар департаменті заңнамасында белгіленген тәртіппен:


1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2)
тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді
ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 23 тамыздағы
№ 146 бұйрығына
қосымша

«Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскер» кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскер» кәсіптік стандарты (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 64-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде персоналды кәсіпорындарды оқытуға, білім беру ұйымдарының жұмыскерлері мен түлектерін сертификаттауға және персоналын басқару саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі бар және денсаулық сақтау саласындағы сертификаты бар медицина жұмыскер;

2) белгіленген біліктілік деңгейі – белгілі бір жұмыс саласында қарапайым міндетларды орындау үшін, қажетті кәсіп пен практикалық дағдыларды иеленетін білікті жұмысшыларға берілетін біліктілік деңгейі (оқу, кәсіптік оқытудың жеделдетілген нысанында біліктілік алу мүмкіндігі);

3) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

4) біліктілік деңгейі – күрделілік, стандартты емес еңбек әрекеттері, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланған қызметкерлердің біліміне, дағдыларына және кең құзыреттеріне қойылатын жалпылама талаптар. біліктілік деңгейі;

5) біліктіліктің жоғары деңгейі – экономиканың жоғары технологиялармен және кәсіптік қызметпен байланысты барлық салаларында (колледждерде және

жоғары колледждерде негізгі орта білім беру және (немесе) негізгі жалпы орта білім беру негізінде)) жұмыстарды орындауда күрделі (сала) кәсіптерді және практикалық дағдыларды иеленетін білікті жұмысшыларға берілетін біліктілік деңгейі;

6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскер – бейіні бойынша біліктілігін арттыру туралы сертификаты немесе сертификаты бар техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық) білімі бар маман;

8) еңбек қызметінің түрі – кәсіптерді (кәсіптерді немесе лауазымдарды) кәсіптік стандартқа біріктіретін технологиялық процестің арнайы аяқталған кезеңі;

9) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

10) кәсіби біліктілік картасы – саладағы (жұмыс түрі) біліктілік деңгейлері бойынша кәсіптердің, (кәсіптердің немесе лауазымдардың) олардың арасында орнатылған қатынастармен жүйелі бейнеленуі, кәсіптік біліктілік картасы салалық біліктілік шеңберінде қосымша болып табылады;

11) кәсіби кіші топ – еңбек функциялары мен оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің тұтас жиынтығынан құралған кәсіптер жиынтығы;

12) кәсіби стандарттарды пайдаланушы – жұмысшылар, жұмыс берушілер, аттестаттау және біліктілік жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар), мемлекеттік органдар;

13) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар, (ұқсас немесе жақын мақсат, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) еңбек функциялары мен оларды орындау құзыреттерінің ұқсас жиынтығын өзіне алатын кәсіби кіші топтар жиынтығы;

14) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы - Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсетеді және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

15) құзыреттілік – адамның кәсіби қызметінде тікелей көрінетін және еңбек функцияларын орындау үшін білім мен дағдыларды қолдануға мүмкіндік беретін қабілет;

16) медициналық-әлеуметтік көмек – тізбесін уәкілетті орган айқындайтын, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдарға көрсетілетін медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек;

17) пациентке бағытталған көмек – пациенттерді сауықтыруда қарым-қатынасқа негізделген күтім (мұндай қарым-қатынастар эмоционалдық және физикалық құрамдастарды қамтиды), оған отбасы мен достарының қатысуы кіреді;

18) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

19) Ұлттық біліктілік жүйесі – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: «Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскер».

4. Кәсіптік стандарт әзірлеудің мақсаты: кәсіптік қызметтің мазмұны мен сапасына қойылатын бірыңғай талаптарды біріздендіру, белгілеу және қолдау, «Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскер» Кәсіптер шеңберінде медициналық қызметтерді ұйымдастыру мен көрсету саласындағы мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын айқындау.

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: біліктілік, дағды және білім бойынша маманның кәсіби құзыреттілігі саласындағы талаптарды белгілейді,

өмір сүру жағдайларын жақсартады және олардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қамтамасыз ету мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында медициналық қызметтерді алушыларға әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Мамандардың біліктілік деңгейінің өсуі – әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейдегі функцияларды орындауды және олардың жаңа құзыреттерге сәйкес кеңеюін білдіреді.

6. Кәсіби топ:

Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар.

Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы мамандар.

7. Кәсіптік стандарт бағалау, аттестациялау, сертификациялау және біліктілігін растау, кадрларды даярлау және қалық көпшіліктің пайдаланушылар үшін арналған:

1) жұмысшылар – саладағы кәсіпке қойылатын талаптарды түсіну, олардың кәсіби дамуы мен мансаптық өсуін жоспарлайды;

2) жұмыс берушілер – қызметкерлерге қойылатын талаптарды, нұсқаулықтарды, міндеттерді әзірлейді, кадрларды жұмысқа қабылдау және аттестаттау өлшемдерін қалыптастырады, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, жоғарылату және ротациялауға арналған бағдарламаларды дайындайды;

3) аттестаттау және біліктілік жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды аттестаттау жөніндегі бағалау материалдарын және сәйкестік деңгейі бойынша қызметкерлердің біліктілік критерийлерін әзірлейді;

4) мемлекеттік органдар – еңбек нарығының мониторингі мен болжау критерийлері ретінде кәсіптік стандартты пайдаланады.

8. Кәсіби кіші топ:

Медициналық көмек саласындағы әлеуметтік жұмыстың кәсіби мамандары.

Оңалту саласындағы әлеуметтік жұмыстың кәсіби мамандары.

Балаларды қорғау саласындағы әлеуметтік жұмыстың кәсіби мамандары.

Нашақорлар мен маскүнемдермен әлеуметтік жұмыс жасайтын мамандар.

Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы
қызметкерлер.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптер карточкалар тізімі:

Осы кәсіптік стандартқа 1-қосымшаға сәйкес 4.1 кіші деңгей СБШ бойынша
Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі жұмыскер.

Осы кәсіптік стандартқа 2-қосымшаға сәйкес 4.2 кіші деңгей СБШ бойынша
Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі жұмыскер.

Осы кәсіптік стандартқа 3-қосымшаға сәйкес 4.3 кіші деңгей СБШ бойынша
Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі жұмыскер.

Осы кәсіптік стандартқа 4-қосымшаға сәйкес 6.1 кіші деңгей СБШ бойынша
Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

Осы кәсіптік стандартқа 5-қосымшаға сәйкес 6.2 кіші деңгей СБШ бойынша
Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

Осы кәсіптік стандартқа 6-қосымшаға сәйкес 6.3 кіші деңгей СБШ бойынша
Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

**«Денсаулық сақтау саласындағы
әлеуметтік жұмыскер»
кәсіптік стандартына
1 – қосымша**

«Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер» кәсіп карточкасы			
Кәсіп коды:	-		
Топ коды	3412-0		
Кәсіп атауы	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскері.		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4.1		
Денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа да қызметкерлері лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіп біліктілік деңгейі	техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білім, бейіні бойынша біліктілігін арттыру туралы сертификат немесе куәлік.		
Кәсіби білім деңгейі	техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білім.		
Еңбек функциялары	Міндетті еңбек функциялары	1-еңбек функциясы	Пациенттерге күтім көрсетуді қамтамасыз ету.
		2-еңбек функциясы	Пациенттерді әлеуметтік қолдауды жүзеге асыру.
		3-еңбек функциясы	Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау саласындағы мамандарымен өзара әрекеттесу.
		4-еңбек функциясы	Әлеуметтік қызметтерді есепке алу және есептік беру құжаттамасын жүргізу.
	Қосымша еңбек функциялары	1-еңбек функциясы	Үздіксіз кәсіби даму.
1-еңбек функциясы	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар:	
Пациенттерге күтім көрсетуді қамтамасыз ету.	Денсаулыққа сәйкес күтімді қамтамасыз ету	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пациенттерге емдік-профилактикалық ұйымдарда және үйде көмек көрсету, оның ішінде күтім бойынша ұсыныстарды орындауды қамтамасыз ету. 2. Денсаулық көрсеткіштерін бақылау және пациенттердің жағдайын байқау. 3. Пациентті санитариялық және гигиеналық күтімінде күтім құралдары мен заттарын қолдану. 4. Пациентті санитариялық тазартуда өзін-өзі күтуі жеткіліксіз пациентке гигиеналық күтімді көрсету. 	

		<p>5. Пациенттер мен олардың туыстарын пациенттің гигиеналық күтіміне оқыту.</p> <p>Білім</p> <p>1. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Өзін-өзі күтуі жеткіліксіз пациентті жылжыту кезінде денсаулық сақтау технологиялары.</p> <p>3. Антропометриялық көрсеткіштерді өлшеу алгоритмі.</p> <p>4. Функционалдық жағдай көрсеткіштері, пациент жағдайының нашарлау белгілері.</p> <p>5. Пациентті санитариялық тазартуда және өзін-өзі күтуі жеткіліксіз пациентке гигиеналық күтімді көрсету.</p> <p>6. Пациенттің жеке гигиенасы қағидаларын сақтауға қойылатын талаптар.</p> <p>7. Пациенттерді тамақтандыруға қойылатын талаптар.</p> <p>8. Пациентті күтуге арналған заттарды пайдалану және сақтау қағидалары.</p>
	2-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету	<p>1. Жарақат, қан кету, электр тогы соғу, сыну, шығу, көгеру, созылу, бас сүйегінің сынуы, омыртқа жарақаты, күйік, ыстық және күн өту, тағамнан улану, үсік шалу, ағзаларға бөгде заттардың түсуі, маса, жәндіктердің шағуы немесе суға бату кезінде дәрігер дейінгі медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеру.</p> <p>2. Дәрігерге дейінгі көмек көрсету кезінде келесі дағдыларды меңгеру қажет:</p> <p>1) жәбірленушінің ағзасына қауіпті және зиянды факторлардың әсерін жою;</p> <p>2) жәбірленушінің жағдайын, жәбірленушінің өміріне ең үлкен қауіп төндіретін жарақат сипатын және оны құтқару бойынша әрекеттердің ретін бағалау;</p> <p>3) шұғыл түрде зардап шегушіні құтқару бойынша қажетті шараларды орындауға, мамандар келгенге дейін зардап шегушінің негізгі өмірлік функцияларын сақтауға;</p> <p>4) зардап шегушіні тиісті медициналық ұйымға жеткізу шараларын қабылдау.</p> <p>Білім</p> <p>1. Дәрігерге дейінгі көмек көрсету қағидалары.</p> <p>2. Дәрігерге дейінгі шаралардың көрсеткіштері мен алгоритмі.</p>
2-еңбек функциясы	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
Пациенттерді әлеуметтік қолдауды жүзеге асыру	Пациенттерге эмоционалдық, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету	<p>1. Пациенттердің медициналық-психологиялық емделуіне ықпал ету, пациент стационарға түскен жағдайда оның жаңа жағдайларына бейімделуіне немесе асқынулары дамып,</p>

		<p>аурудың белгілері күшейген жағдайда жаңа жағдайға бейімделуіне көмектесу.</p> <p>2. Пациентке әлеуметтік қолдау көрсету мәселелерін шешу (өтініштерді, құқықтық құжаттарды рәсімдеу, медициналық-әлеуметтік сараптамаға, қарттар үйіне жолдама алуға қатысу немесе көмек көрсету).</p> <p>3. Пациенттердің өтініші бойынша діни қажеттіліктерді қамтамасыз етуді ұйымдастыру.</p> <p>4. Туыстарының өтініші бойынша аза тұту рәсімдерін ұйымдастыруға қатысу.</p> <p>Білім</p> <p>1. Әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Пациенттердің әлеуметтік мәселелері мен қажеттіліктері.</p> <p>3. Кәсіби көмек көрсету процесінде пациентпен және оны қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасау принциптері.</p> <p>4. Гендерлік зорлық-зомбылық түрлерінің белгілері.</p>
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау саласындағы мамандарымен өзара әрекеттесу</p>	<p>1-міндет</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс маманының жетекшілігімен қызметті жүзеге асыру</p> <p>2-міндет</p> <p>Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау саласындағы мамандарымен өзара байланысы</p>	<p>Біліктілік пен дағдылар</p> <p>1. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі жетекші маманымен тығыз байланыста жұмыс істеу:</p> <p>1) пациенттер туралы ақпарат алмасу;</p> <p>2) кешенді және тиімді күтімді қамтамасыз ету үшін бірлескен әрекеттерді үйлестіру.</p> <p>3) әлеуметтік, психологиялық және медициналық аспектілерді ескере отырып, әртүрлі күтім нұсқаларын талқылау және бірлескен шешімдер қабылдау.</p> <p>Білім</p> <p>1. Әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Әлеуметтік жұмыстың принциптері.</p> <p>3. Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік жұмыста ұсынылатын ресурстар мен пациенттерді қолдау бағдарламалары.</p> <p>Біліктілік пен дағдылар</p> <p>1. Медициналық топ мүшелерімен тиімді қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>2. Сапалы көмек көрсету үшін әріптестерімен ынтымақтасады.</p> <p>Білім</p> <p>1. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау мамандарымен қарым-қатынас принциптері.</p>

		3. Топтық жұмыс принциптері, уақытты басқару.
4-еңбек функциясы Әлеуметтік қызметтерді есепке алу және есептік беру құжаттамасын жүргізу	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	Бухгалтерлік және есептік құжаттамасын жүргізу	1. Құжаттаманы уәкілетті орган белгілеген нысандарда, түрлерде, көлемде, тәртіппен және мерзіммен рәсімдейді.
		2. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерді кәсіби қызметте пайдалану.
		Білім
		1. Әлеуметтік қызмет көрсету бойынша есепке алу-есептік құжаттаманы рәсімдеу қағидалары.
		2. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерде жұмыс істеу қағидалары.
1-қосымша еңбек функциясы Үздіксіз кәсіби даму	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	өзін-өзі дамыту	1. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманының жетекшілігімен әлеуметтік жұмыс саласындағы білік пен дағдыларын дамыту.
		2. Медициналық бригада мүшелерімен бірге денсаулық сақтаудың әлеуметтік аспектілері бойынша олардың құзыреттілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларына, тренингтерге және іс-шараларға қатысу.
		Білім
		1. Кәсіби саладағы әріптестермен желі құру және қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері.
		2. Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскердің қызметті реттейтін кәсіби стандарттардың этикалық принциптері.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	1. Эмпатия.	
	2. Қарым -қатынас құра білу.	
	3. Мәдени құзыреттілік.	
	4. Өзін-өзі реттеу және эмоционалды тұрақтылық.	
	5. Орындаушылық	
	6. Жауапкершілік.	
	7. Ынтымақтастық және топтық жұмыс.	
СБШ-дағы басқа мамандықтармен байланысы	4.2, 4.3	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер.
	6.1, 6.2, 6.3	Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
БТБА немесе БА немесе басқа жұмыс каталогтарына сілтеме	«Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген)	73. Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер.
	Білім деңгейі:	Мамандығы:
		Біліктілік:

Білім және біліктілік жүйесімен байланысы	Техникалық және кәсіптік білім	01140100 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	4S01140101 Бастауыш сынып мұғалімі
		09110100 Стоматология	4S09110102 Дантист, 4S09110103 Стоматолог-дәрігердің көмекшісі
		09110200 Ортопедиялық стоматология	4S09110201 Тіс технигі
		09120100 Жалпы медицина	4S09120101 Фельдшер
		09130100 Акушерлік	4S09130201 Акушер
		09230100 Әлеуметтік жұмыс	4S09230102 Әлеуметтік қызметкер
Еңбек жағдайлары (мазмұны мен сапасы).	Жұмыстың орындалу орны, жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбек демалысының ұзақтығы, еңбекақы төлеу шарттары және басқа да еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартында және ұжымдық шарттарда белгіленеді.		

Ескертпе:

БА - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

БТБА – бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы;

СБШ– салалық біліктілік шеңбері.

**«Денсаулық сақтау саласындағы
әлеуметтік жұмыскер»
кәсіптік стандартына
2 – қосымша**

«Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер» кәсіп карточкасы			
Кәсіп коды:	-		
Топ коды	3412-0		
Кәсіп атауы	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер.		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4.2		
Денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа да қызметкерлері лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіп біліктілік деңгейі	техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білім, бейіні бойынша біліктілігін арттыру туралы сертификат немесе куәлік.		
Кәсіби білім деңгейі	техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білім.		
Еңбек функциялары	Міндетті еңбек функциялары	1-еңбек функциясы	Науқастарға күтім жасауды ұйымдастыруда, онын ішінде кезек күттірмейтін көмек көрсету емшараларын орындау.
		2-еңбек функциясы	Пациенттер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету.
		3-еңбек функциясы	Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау саласындағы мамандарымен өзара әрекеттесу.
		4-еңбек функциясы	Әлеуметтік қызметтерді есепке алу және есептік беру құжаттамасын жүргізу.
	Қосымша еңбек функциялары	1-еңбек функциясы	Үздіксіз кәсіби даму.
1-еңбек функциясы	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар	
Науқастарға күтім жасауды ұйымдастыруда, онын ішінде кезек күттірмейтін көмек көрсету емшараларын орындау	Денсаулыққа сәйкес күтімді қамтамасыз ету	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пациенттерді қарап-күтім жасауды және пациенттер мен олардың туыстарынан ақпарат жинау. 2. Көрсетілетін қызметті алушыларға - аурудың сипатын, медициналық көрсетілімдерін, физикалық және психикалық жай-күйін ескере отырып, әлеуметтік-медициналық қызметтерде қажеттіліктерді бағалау. 3. Пациенттің функционалды жағдайының негізгі көрсеткіштерін анықтау. 	

		<p>4. Антропометриялық көрсеткіштерді өлшеу (бой, дене салмағы).</p> <p>5. Дене қызуын, тамыр соғу жиілігін, қан қысымын, тыныс алу жиілігін өлшеу.</p> <p>6. Эргономика принциптерін қолдана отырып, пациентті төсекке жатқызу және жылжыту.</p> <p>7. Пациент жағдайындағы өзгерістер туралы медициналық персоналға хабарлау.</p> <p>8. Кәсіби іс-әрекет барысында пациентпен және оны қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасау.</p> <p>9. Пациентке қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін анықтау.</p>
		<p>Білім</p> <p>1. Пациенттермен қарым-қатынас жасау қағидалары.</p> <p>2. Өзін-өзі күту жеткіліксіз пациентті жылжыту кезінде денсаулық сақтау технологиялары.</p> <p>3. Пациент жағдайындағы өзгерістер туралы хабарлау қағидалары.</p> <p>4. Антропометриялық көрсеткіштерді өлшеу алгоритмі.</p> <p>5. Пациент жағдайының функционалды жағдайының көрсеткіштері, нашарлау белгілері.</p> <p>6. Эргономика принциптерін қолдана отырып, пациентті қауіпсіз тасымалдау және жылжыту шарттары.</p> <p>7. Кәсіби көмек көрсету процесінде пациентпен және оны қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасау принциптері.</p> <p>8. Гендерлік зорлық-зомбылық түрлерінің белгілері.</p>
2-міндет		Біліктілік пен дағдылар
	Ауыр пациенттерге гигиеналық көмек көрсету	<p>1. Пациентті санитариялық тазарту және гигиеналық күту үшін күтім құралдары мен заттарды қолдану.</p> <p>2. Пациентті санитариялық тазартуда және өзін-өзі күтуі жеткіліксіз пациентке гигиеналық күтім жүргізу.</p> <p>3. Пациенттер мен олардың туыстарың пациенттің гигиеналық күтіміне оқыту.</p> <p>Білім</p> <p>1. Пациентті санитариялық тазартуда және өзін-өзі күтуі жеткіліксіз пациентке гигиеналық күтім жүргізу.</p> <p>2. Пациенттің жеке гигиенасы қағидаларын сақтауға қойылатын талаптар.</p> <p>3. Пациенттерді тамақтандыруда қойылатын талаптар.</p>

		4. Пациентті күтуге арналған заттарды пайдалану және сақтау қағидаларды.
	3-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету	<ol style="list-style-type: none"> 1. Зақымдану сипатын және жағдайдың ауырлығын бағалау. 2. Өмірге қауіпті жағдайларда дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету. 3. Зардап шегушіге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету кезінде жеке қауіпсіз мінез-құлық үлгісін жасау.
		Білім
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Дәрігерге дейінгі көмек көрсету қағидалары. 2. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету жағдайлары және оны көрсету шараларын белгілеу. 3. Өмірге қауіпті жағдайларда дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету тәртібі.
2-еңбек функциясы	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
Пациенттер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету	Денсаулық сақтау ұйымдарында қызмет алушыларды ауруханаға жатқызуға және алып жүруге жәрдемдесу	<ol style="list-style-type: none"> 1. Науқастардың медициналық-психологиялық емделуіне ықпал жасау, пациенттің стационарға түскен жағдайда оның бейімделуіне немесе асқынулар дамып, аурудың белгілері күшейген жағдайда жаңа жағдайға бейімделуге көмектесу. 2. Құлаудың қауіп факторларын анықтау, қысым жарасының дамуы, қысымды жауыр жараның профилактикасы шараларын жүзеге асыру, оның ішінде төсекте орналасуы мен қозғалысы, өзін-өзі күту, қозғалу және қарым-қатынас жасау қабілетін ішінара немесе толық жоғалтқан пациенттің қозғалысы мен тасымалдануы. 3. Пациентті тасымалдау және оны алып жүру. 4. Пациентті әлеуметтік қолдау мәселелерін шешу (өтініштерді, құқықтық құжаттарды рәсімдеу, медициналық-әлеуметтік сараптамаға, қарттар үйіне және мүгедектерге жолдама алуға қатысу немесе көмек көрсету). 3. Пациенттердің өтініші бойынша діни қажеттіліктерді қамтамасыз етуді ұйымдастыру. 4. Туыстарының өтініші бойынша аза тұту рәсімдерін ұйымдастыруға қатысу.
		Білім
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 2. Эргономика принциптерін қолдана отырып, пациентті қауіпсіз тасымалдау және жылжыту шарттары. 3. Пациенттердің әлеуметтік мәселелері мен қажеттіліктері.
3-еңбек функциясы	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар

<p>Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау саласындағы мамандарымен өзара әрекеттесу</p>	<p>Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөнендігі маманының жетекшілігімен қызметті жүзеге асыру</p>	<p>1. Әлеуметтік жұмыстың жөніндегі жетекші маманымен тығыз байланыста жұмыс істеу:</p> <p>1) пациенттер туралы ақпаратпен алмасу;</p> <p>2) кешенді және тиімді күтімді қамтамасыз ету үшін бірлескен әрекеттерді үйлестіру.</p> <p>2. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманының жетекшілігімен:</p> <p>1) әлеуметтік, психологиялық және медициналық аспектілерді ескере отырып, әртүрлі күтім нұсқаларын талқылау және бірлескен шешімдер қабылдау;</p> <p>2) пациенттердің денсаулығы мен әлеуметтік жағдайына байланысты мәселелер мен қиындықтарды шешу бойынша жұмыс.</p>
	2-міндет	<p>Білім</p> <p>1. Әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Әлеуметтік жұмыстың принциптері.</p> <p>3. Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік жұмыста ұсынылатын ресурстар мен пациенттерді қолдау бағдарламалары.</p>
	<p>Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау саласындағы мамандарымен өзара әрекеттесу</p>	<p>Біліктілік пен дағдылар</p> <p>1. Медициналық топ мүшелерімен тиімді қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>2. Сапалы көмек көрсету үшін әріптестерімен ынтымақтасады.</p>
<p>4-еңбек функциясы</p> <p>Әлеуметтік қызметтерді есепке алу және есептік беру құжаттамасын жүргізу</p>	1-міндет	<p>Біліктілік пен дағдылар</p> <p>1. Құжаттаманы уәкілетті орган белгілеген нысандарда, түрлерде, көлемде, тәртіппен және мерзімдерде рәсімдеу.</p> <p>2. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерді кәсіби қызметте пайдалану.</p>
	<p>Бухгалтерлік және есепке алу есептік құжаттамасын жүргізу</p>	<p>Білім</p> <p>1. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Әріптестермен және басқа денсаулық сақтау мамандарымен қарым-қатынас принциптері.</p> <p>3. Топтық жұмыс принциптері, уақытты басқару.</p>
	<p>Білім</p> <p>1. Әлеуметтік қызмет көрсету бойынша есепке алу-есептік құжаттаманы рәсімдеу қағидалары.</p> <p>2. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерде жұмыс істеу қағидалары.</p>	
<p>1-қосымша еңбек функциясы</p> <p>Үздіксіз кәсіби даму</p>	1-міндет	<p>Біліктілік пен дағдылар</p> <p>1. Пациенттер мен олардың отбасыларына арналған білім беру бағдарламалары мен тренингтерге қатысу.</p>
	<p>Пациенттер мен олардың отбасыларына консультация беру</p>	<p>Біліктілік пен дағдылар</p>

		2. Аурулар, профилактика, күту және оңалту туралы ақпарат беру.	
		3. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс саласында ұсынылатын денсаулыққа қатысты мәселелер, ресурстар мен пациенттерді қолдау бағдарламалары бойынша консультация беру.	
		Білім	
		1. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі саясат, стандарттар, ұсынымдар	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	1. Эмпатия. 2. Реттеу. 3. Өзін-өзі реттеу және эмоционалды тұрақтылық. 4. Ынтымақтастық және топтық жұмыс. 5. Мәдени құзыреттілік. 6. Шығармашылық пен икемділік. 7. Кәсіби және этикалық мінез-құлық. 8. Кәсіби дамуға ұмтылу.		
СБШ-дағы басқа мамандықтармен байланысы	4.1, 4.3	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер.	
	6.1, 6.2, 6.3	Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы.	
БТБА немесе БА немесе басқа жұмыс каталогтарына сілтеме	«Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген)	73. Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер.	
Білім және біліктілік жүйесімен байланысы	Білім деңгейі:	Мамандығы:	Біліктілік:
	Техникалық және кәсіптік білім	01140100 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	4S01140101 Бастауыш сынып мұғалімі
		09110100 Стоматология	4S09110102 Дантист 4S09110103 Стоматолог-дәрігердің көмекшісі
		09110200 Ортопедиялық стоматология	4S09110201 Тіс техникі
		09120100 Жалпы медицина	4S09120101 Фельдшер
		09130100 Акушерлік	4S09130201 Акушер
		09230100 Әлеуметтік жұмыс	4S09230102 Әлеуметтік қызметкер
Еңбек жағдайлары (мазмұны мен сапасы).			

Жұмыстың орындалу орны, жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбек демалысының ұзақтығы, еңбе- кақы төлеу шарттары және басқа да еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы- на сәйкес еңбек шартында және ұжымдық шартында белгіленеді.

Ескертпе:

БА - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-2)
тармақшасына сәйкес әзірленген және бекітілген басшылар, мамандар және басқа
да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

БТБА – бірыңғай тарифтік- біліктілік анықтамалығы;

СБШ– салалық біліктілік шеңбері.

**«Денсаулық сақтау саласындағы
әлеуметтік жұмыскер»
кәсіптік стандартына
3 – қосымша**

«Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер» кәсіп карточкасы			
Кәсіп коды:	-		
Топ коды	3412-0		
Кәсіп атауы	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік жұмыскер.		
СБШ сәйкес біліктілік деңгейі	4.3		
Денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа да қызметкерлері лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіп біліктілік деңгейі	техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білім, бейіні бойынша біліктілігін арттыру туралы сертификат немесе куәлік.		
Кәсіби білім деңгейі	техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білім.		
Еңбек функциялары	Міндетті еңбек функциялары	1-еңбек функциясы	Пациенттерге күтім көрсетуді ұйымдастыру және жүзеге асыруда тәлімгерлік және консультация беру қызметтерін көрсету.
		2-еңбек функциясы	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкерлердің қызметін ұйымдастыру және бақылау.
	Қосымша еңбек функциялары	1-еңбек функциясы	Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкерлер көрсететін медициналық қызметтердің көлемі мен сапасына сараптама жүргізу.
		2-еңбек функциясы	Үздіксіз кәсіби даму.
1-еңбек функциясы Пациенттерге күтім көрсетуді қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жүзеге асыруда тәлімгерлік және консультация беру қызметтерін көрсету.	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар	
	Тәлімгерлік және консультация беру қызметтерін көрсету.	1. Ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету. 2. Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкерлермен консультативті көмек пен тәлімгерлік көрсетілетін. 3. Даулы мәселелер бойынша шешім қабылдау.	
		Білім	

		1. Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкерлермен ұйымдастырушылық-әдістемелік көмекті регламенттейтін құжаттар көрсетілетін.
2-еңбек функциясы Денсаулық сақтау саласындағы күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкерлердің қызметін ұйымдастыру және бақылау	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	Сараптамалық қорытындыларды қалыптастыру	1. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс бойынша қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру. 2. Пациенттердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туындаған кезде жоспарлы және шұғыл шараларды қабылдау. 3. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс бойынша қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшелердің қызметін жоспарлау және болжау.
		Білім 1. Денсаулық сақтау саласындағы күтім бойынша әлеуметтік қызметкерлерге ұйымдастырушылық-әдістемелік көмекті регламенттейтін құжаттар.
1-қосымша еңбек функциясы Денсаулық сақтау саласындағы күтім бойынша әлеуметтік қызметкерлер көрсететін қызметтердің көлемі мен сапасына сараптама жүргізу	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік сала қызметкерлері көрсететін медициналық қызметтердің көлемі мен сапасына сараптама жүргізу.	1. Әлеуметтік медициналық қызметкерлер көрсететін медициналық қызметтердің көлемі мен сапасын бақылау. 2. Кәсіптер шегінде медициналық көмек көрсету көрсеткіштерін бақылау дағдыларының болуы. 3. Қауіп факторларын анықтау және денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер көрсететін медициналық қызметтердің сапасы саласында туындайтын жүйелі мәселелер туралы ұйым басшылығына жедел хабардар ету.
		Білім 1. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс туралы ҚР заңнамасы. 2. Денсаулық сақтаудағы стандарттау. 3. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қорғау қызметкерлері көрсететін медициналық қызметтердің сапасына сараптама жүргізу әдістемесі.
2-қосымша еңбек функциясы Үздіксіз кәсіби даму	1-міндет	Біліктілік пен дағдылар
	Жаңа әдістер мен технологияларды әзірлеу және енгізу	1. Жаңа диагностикалық және емдеу әдістерін зерттеп, тәжірибеңізге енгізіңіз. 3. Жаңа тәсілдер мен әдістердің тиімділігін бағалауға қатысу.
		Білім 1. Қазіргі тенденциялар мен инновациялар, оның маманданған саласында пайда болатын диагностика мен емдеудің жаңа әдістері.
	1. Эмпатия.	

